# «Жаңа жыл» мерекесіне орай өткізілетін іс-шара жоспарлары

2023ж

№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
_______ С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
_______ А.Шуиншалиева

# Кел, жаңа жыл!

/жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік/

№1 «Айгөлек» кіші тобы

Тәрбиешілер: С.Махамбетова
А.Ешмахан

2023-2024 оқу жылы

«Кел, Жаңа жыл!»

Міндеті: Балаларға жаңа жыл туралы түсінік беру. Аяз ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу. Шыршаның әсемдігіне назар аударып, ойыншықтардың әдемілігне қызықтыру.

Музыка қосылады. Балалар залға кіреді.

Жүргізуші: Құрметті балалар, қонақтар! Жаңа ұлу жылы мерекеміз құтты болсын! Жаңа жыл құт берекесін әкелсін! Балапандарымыз бақытты болсын. Бүгінгі «Айгөлек» тобының «Кел, жаңа жыл» атты ертеңгілімізге қош келдіңздер!

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Бақыт, шаттық , тыныштық,
Ұлу жылы әкелсін бәрімізге –дей келе, ендігі жаңа жылға деген жылы лебізін білдіруге сөз кезегін № «Балапан» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі  Сәуле Мырзабайқызына беріледі.
Жүргізуші: Көп рақмет апай.

Қойылым: «Әли мен Ая»
Әли: Ая бері қарагшы-деп қар лақтырады.
Ая: Маған тигізе алмайсың.
Қар лақтырғанда Әлиге тайп кетіп жерге құлап қалады.
Әли: орнынан тұрып, Ая қарашы айнала қандай аппақ.
Қар жауыпты. Қарды домалақтаған сайын үлкейіп келе жатыр.
Ая: Әли қардан не жасауға болады екен?
Жүргізуші: Әли, Ая қардан аққала жасауға болады.
Ая: Олай болса Әли аққала жасайықшы.
Әли: Аққала жауау үшін достарымызды шақыраайқшы.
Ая: Әрине достарымызды шақырып би билеп, аққала жасайық.
Би : «Аққала»

Жүргізуші: Әли, Ая, балалар сендер өте жақсы биледіңдер.
-Балалар қараңдаршы шыршамыз қандай әдемі болып тұр. Олай болса шыршамызға арналған әнімізді айтайықшы.

Жүргізуші: Балалар біздің ортамызға кімдер жетіспей тұр?
Балалар: Аяз-ата мен Ақшақар
Жүргізуші: Олай болса Аяз-ата мен Ақшақарды ортамызға шақырамыз.

Жүргізуші: Қош келдіңздер Аяз-ата Ақшақар!

Аяз-ата сіздерге біздің балалардың өнерлері өте көп, соны тамашалауға шақырамыз.

Аяз-ата: Жарайды, олай болса балалардың өнерін тамашалайық.
Әуен ойнап : Ортаға қоян жылы келеді.
Қоян: Сәлем кішкентай менің достарым!
Мен сендермен қоштаспас бұрын, сендерге арнап көптеген ойынлдар ала келдім. Ойын ойнаймыз ба?
Балалар: Йә
1-орталық: «Аққаланы тамақтандырамыз»
Шарты: Аққалаға түрлі-түсті домалақ, шарларды аузына домалатып, салатын боламыз.
2-орталық: « Аққала»
Шарты: Балар аққаланың ілгектерінің түсіне қарап түрлі-түсті шарларды салады.
3-орталық: «Шыршаның бейнесін құрастыр»
Шарты: Балалар пішіндер арқылы, шыршаның бейнесін құрастыратын болады.

Жүргізуші: Қоян рақмет саған! Керемет ойындар әкелгенің үшін.

Ая: Әли 2024жыл қандай жыл екенін білесіңбе?
Әли: Әрине білемін Ұлу жылы.
Ая: Жарайсың! Олай болса ұлу жылын қарсалайық
Ұлу ортаға келеді.
Жүргізуші: Біздің ертеңгілімзге жиналған қонақтарға арналған балаларымыздың тағыда бір өнерін тамашалаңыздар.

Би: «Шырша»

Әли: Ая сен қандай мультфильмді ұнатасың?
Ая: Маған «Маша мен аю» мультфильмі ұнайды, соның ішіндегі ең керкемет кейіпкер ол Маша.
Әли: Олай болса сол сен жақсы көретін кейіпкер қонаққа келіпті.
Қарсалыңыздар кішкентай Машаларды.
Би: « Маша»

Жүргізуші: Рақмет кішкентай Машалар!

Аяз-ата: Менің де кішкентай аяз-аталарымның өнерін тамашалаңыздар.
Би: «Аяз-ата»
Әуен ойнап, ортаға мұз ханшайымы келеді.
Мұз ханшайым: Бұл жерде қандай мереке тойланып жатыр?
Жүргізуші: Жаңа жыл мерекесі.
Мұз ханшайым: Мені мерекеге шақырмаған үшін сендерді мұзға айналдырамын.
Жүргізуші.: Жоқ, жоқ мұз ханшайым олай жасамаңыз.
Әуен ойнап ортаға Күн ханшайым келеді.
Күн ханшайым: Мұз ханшайым Жаңа жылды жақсы көңіл-күймен қарсалайық, балаларды мұзға айналдырма, кел бірге балалардың өнерін тамашалайық.
Мұз ханшайым: Жарайды, олай болса бір жолға мен сендерді кешіремін.
Жүргізуші: Рақмет ханшайымдар! Сіздерге арналған біздің кішкентай балалардың әнін тамашалаңыздар.

Хор: «Шыршаға бардық»

Жүргізуші: Балалар, Аяз-ата мен Ақшақарды, барша қонақтарымызды басқа да балаларымыз күтіп отырған болар. Қонақтарымызды шағарып салайық.

Аяз-ата балаларға тілегін, батасын беріп, алыстан әкелген сыйлықтарын тапсырады.

Жүргізуші: Қонақтарға және балаларға үлкен рақмет! Жаңа жыл мерекесі құтты болсын! Қайта кездескенше қош сауболыңыздар!

# Кел, жаңа жыл!















**№1 "Айгөлек" кіші тобы**

Тәрбиешілер:
С.Махамбетова
А.Ешмахан

№11 «Балапан» бөбекжай балабақшасы КМҚК

Бекітемін: ______
Балабақша меңгерушісі:
С.Мухашова.

Тексерілді: ______
Балабақша әдіскері:
А.Шуиншалиева

# «Кел,Жаңа жыл!»

**( Мерекелік ертеңгілік)**

**№2 «Ақбота» кіші тобы**
**Тәрбиеші: Өтеген С. Аблаева В.**

**2023-2024 жж**

**«Ақбота» кіші тобының «Кел ,жаңа жыл» атты мерекелік ертеңгілік сценарийі**

**Мақсаты:**
Балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы мағлұмат беру. Жаңа жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру. Балаларды бір-біріне деген достық сезімге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Ертеңгілік барысы:** Зал іші әдемі безендірілген. Ортада әдемі шырша. Әсем әуенмен әдемі киінген балалар, шыршада әдемі ойыншықтар ілінген, музыка әуені ойналып тұрады

Балалар музыка әуенімен бірінің артына бірі тұрып қыздар залға кіреді.

Аққала: Жарайсыңдар, қыздарым сендер қандай әдемі болып кетіпсіңдер, қыздармен ойын ойнатылады.

**1.Ойын:** «Аққала» бейнесін құрастырып ойнасақ қалай қарайсыңдар. қыздар аққала бейнесін құрастырады,
Аққала: сендер жасаған аққалаға жан бітіріп әкелейін, ортаға музыкамен Аққала киген ұлдар шығады.

(Орындықтырды реттеп қою.)

**2.Би:** Ұлдар мен Аққала би билейді.

Балалармен қосылып хормен «Аяз ата, ақшақар» деп дауыстап шақырылады.

Аяз ата : Амансыңдарма балаларым.......(өз сөзін айтады)
Шырша шамдарын жағады.
**3.Хор: «Таяғы бар қолында»**

Ескі жыл мен Жаңа жыл келеді..Мен қаламда, мен қалам деп ұрысып келеді..

Аяз ата: балаларым сендер ұрыспаңдар жаңа жылды жарылқап, ескі жылды есіркеп ескі жылға рахметімізді айтып шығарып салайық.

**4 Ойын:** «Шыршаны безендіреміз»

**5. Шырша биі:** қыздар билейді «Маленкий ёлочке холодно зимой»

**6. Ойын:** «Қар атысу» балалар аққаламен қар атысып ойнайды.

**7.«Терминал» ойыны.**

**Б.Мансұр:**

Аяз Ата келді,

Тамашаны көрді!

**Нұрбике:**
Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.

**Серікбол:**
Төрлет,төрлет жаңа жыл,
Бізге құтты жыл болсын!

**Зейін:**
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр

**Бағым:**
Ата-әже , әке-ана
Құтты болсын, жаңа жыл!

**Бибісұлу:**
Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып

**Бағия:**
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

**Райана:**
Келіңдер, келіңдер
Тақпақ айтып беріңдер

**Айтжан:**
Аяз ата келді,
Бізге сыйлық берді.

Осымен құрметті апайлар «Ақбота» кіші тобының «Кел ,жаңа жыл» атты мерекелік ертеңгілік аяқталды аман саулықта жүздескенше Сау болыңыздар!






“Ақбота” кіші тобы
“Кел, Жаңа жыл”







КЕЛ,
ЖАҢА ЖЫЛ


КЕЛ.
Бағым
Жаңа жылыңмен
қызым!
Серікбол
Жаңа жылыңмен,
ұлым!

№ 11 «Балапан» бөбекжай – балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
__________ С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
______________ А.Шуиншалиева

# «Кел,жаңа жыл!»

(Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік)

Тобы: «Жауқазын» кіші тобы
Тәрбиешілері: Көшербаева А

2023 -2024 оқу жылы

**Жүргізуші:** Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құттықтаймын бәрінді
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін
Бәрімізге мына жыл арайлы!

**Жүргізуші:** Қарандаршы,балалар айнала неткен керемет, әсем мына шыршамыздағы ойыншықтардың алуан түрлері бар екен. Бәрімізде әп - әдемі жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналыппыз. Бірақ,... шыршамыз көңілсіз,сендердің әдемі сөздеріңмен шырша шамын жағайық!

**Бәрі:** Қуант, бізді, таңырқат
Шамдарынды жарқырат! 3 рет
(Шырша шамы жанады, «Алақайлап» қол соғады)

**Жүргізуші:** - Балалар, жарайсыңдар. Айтыңдаршы жылда Жаңа жылға бізге қонаққа кім келуші еді?
(Балалардың жауабы)

**Жүргізуші:** Кәнекей, ендеше бәріміз бірге Аяз ата мен Ақшақарды ортаға шақырайық.
**Бәрі:** Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау - у - у - у! 3 – рет
**(әуенмен бірге Ат шанаға мініп Аяз ата, ақшақар келеді)**
**Аяз Ата:**
Құтты болсын, балалар
Келген Жаңа жылдарың
Алаңдамай өсіңдер
Еркелеп қыз, ұлдарым
өткен жылы келіп ем
Бәріңді де көріп ем
Жыл өткізіп келем деп
Уәдемді беріп ем
Ойларың мен бойларың да
Бірдей өсіп қалдыңдар ма?
Ал, мен кіммін айтыңдаршы
Мені тани алдыңдар ма?
**Балалар: Аяз ата!**

**Ақшақар.-** Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!
Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы
Жалт - жұлт еткен жүзімнен

Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнмін, жырмын, тақпақпын.

**Жүргізуші:** Қош келдіңіздер, баршаңызда, алыс жолдан келдіңіздер.
Әсем әні де, биі де бар
Отыр ата, сәл дем ал.

**Жүргізуші:** Ортаға **Мұз ханшайымы мен Күн ханшайымын** шақырамыз!
(Музыкамен кіріп,сөздерін айтады)

**Жүргізуші:**- Балалар, жаңа жыл болса кеп қалды, біздің қоштасатын қоян жылымыз қайда? «Жаңа жыл жарылқасын, ескі жыл есіркесін» деп ескі жылымызды қарсы алайық.
- Ау, қоянжан сенімен де қоштасатын кез келді.
**Қоян жылы:**
Бір жыл бойы сендермен
Бірге жүрдім ойнадым
Енді міне балалар
Кезек келді қоштасар.

**Жүргізуші:** Ескі қоян жылы біздің кішкентай сері жігіттеріміздің сіздерге арнаған «Аңдар» биін қарсы алыңыздар!
**Би:** «Аңдар»

**Аяз ата:** Жарайсыңдар, өнерлі екенсіңдер!

**Жүргізуші: -** Шыныменен, балалар, біз бір жасқа үлкейдік. Ескі жыл Жаңа жылға орнын сыйлағысы келіп тұр, олай болса, сау болыңыз, біз сізге ризамыз!
**Бәрі. Қош, қош, Ескі жыл!**

**Жүргізуші: Жаңа ұлу жылын ортаға шақырайық.**
**Ұлу жылы:**
Мен жаңа жылмын
Мен жаңа нұрмын
Нұрымды да себейін
Жырымды да себейін

**Жүргізуші:** Қош келдіңіз Ұлу жылы.Төрлетіңіз,балалардың өнерін тамашалаңыз!

**Жүргізуші:** Әуеледі әніміз
Жаңа кірді сәніміз

Ақшақарды ортаға алып
Би билейік бәріміз.
**Жүргізуші:** Тобымыздың ару қыздарының «Ақшақар» биін тамашалаңыздар!
**Би:** «Ақшақар» биі

**Жүргізуші:**
Айта берсек таусылмас
Жаңа жылда жаңа жыр
Кел оданда, халайық
Ойын ойнайық жаңа бір.

**Жүргізуші:** Балалар ойын ойнағыларың келедіма?Олай болса қазір «Шыршаны безендіреміз» ойынын ойнайтын боламыз.

**Ойын: «Шыршаны безендір»**
**Ойын шарты:** Балалар шыршаның ойыншықтарын безендіріп,орналастыру керек.

**Жүргізуші:** Иә, ата, балаларымыз шеттерінен өнерлі, ойындыда жақсы ойнайды.

**Жүргізуші:** Балалар ойын ойнағыларың келедіма? (Балалардың жауабы)

**Жүргізуші:Ойын**: «Қар кесегі» ойыны

**Ойын шарты:** Балалар жылдам қар кесегін жинаулары керек.

**Аяз ата мен Ақшақар : Жарайсыңдар,балалар! Қандай тамаша.**

**Жүргізуші:** Міне, керемет, қол ұстасып әнімізді шырқайық.

**Хор: «Шырша әні»**

**Жүргізуші:** Жарайсыздар,балалар!

**Жүргізуші:** - Аяз ата Ақшақар сіздер біздердің балаларымыздың сыйлықтарын қашан бересіздер?
**Аяз ата:** Ой - буй, ұмытшақ басым ай, әрине қазір, қазір....
**(барлығына сыйлық үлестіріледі)**

**Аяз - Ата:** Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер.
Киген киімдерің қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар!(қолдарын бұлғап шығып кетеді.)
**Балалар:** Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге!

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, балалар! «Кел, жаңа жыл!» жылға арналған мерекеміз аяқталып қалды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата - аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс! Көріп тамашалағандарыңа рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!








№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

____________С.Мухашова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

_________А.Шуиншалиева

# Ертеңгілік
# «Кел, жаңа жыл!»

№4 «Балапан» кіші тобы

**2023жыл**

# Кел, жаңа жыл !

Мерекеге сай безендірілген залда шыршалар (қыздар) тұрады. Осы кезде қолында балтасы бар ата келіп шыршаны шауып алмақшы болады. Бір кезде шыршаның біреуі:

-Ата, бізді шаппаңызшы! Қазір бізге аңдар келеді. Бәріміз жаңа жыл мерекесін тойлаймыз, ән салып, би билейміз. Сіз бізбен бірге болыңыз!

**Ата:**

- Жарайды! Кәне аңдарың? Кәне әндерің мен билерің? Көңілді әуенмен аңдар (ұлдар) келеді.

**Жүргізуші :** Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

«Жаңа жылмен құттықтаймын» деген үн

Қанаттана бар әлемге тарайды.

Құрметті қонақтар, « Балапан» тобының «Кел жаңа жыл!» атты ертеңгілігін ашып беру үшін сөз балабақша меңгерушісі: Мухашова Сәуле Мырзабайқызына беріледі.

**Ата:**

– Балалар, жаңа жылды қалай тойлайсыңдар? Аяз ата мен ақшақарсыз жаңа жыл тойланады ма?

**Жүргізуші:**

– Балалар, бәріміз аяз ата мен ақшақарды ортаға шақырайық.

Барлығы хормен:

–Аяз ата, ақшақар!(2-3рет қайталау).

Аяз ата мен ақшақар келіп тілектерін айтады.

**Хор: «Кел жаңа жыл!»**

**«Шыршалар» биі.** (қыздар)

**Тақпақтар**

Ата:

- Жарайсыңдар, балалар! Өздерің көңілді, өнерлі балалар екенсіңдер! Рахметі сендерге! Сау болыңдар!

**Ойын « Аққалаға тәттілер береміз!»**

**« Аңдар» биі** ( ұлдар)

**Тақпақтар**

**Ойын « Шыршаны безендіреміз»**

**Аяз ата:**

–Мінекей балалар, сендермен қоштасатын кез де келді. Келесі жаңа жылда аман-есен көріскенше! Сау болыңдар, балалар!

**Жүргізуші:**

-Жаңа жыл мерекесінде баршаңызға жақсылық, бақыт тілейміз ! Осымен тобымыздың жаңа жылдық ертеңгілігі аяқталды.

**Сау болыңыздар!**

# Кел, жаңа жыл!












**№4 "Балапан" кіші тобы**



**Тәрбиешілер:**
**М.Кемалова**
**Ә.Сарбалаева**

**20.12.**
**2023ж**



№11 «Балапан» бөбекжай - балабақшасы

Бекітемін: Тексерілді:
Балабақша меңгерушісі: Балабақша әдіскері:________
________С. Мухашова А.Шуиншалиева

# «КЕЛ ЖАҢА ЖЫЛ»

## №6 «Балдырған» ортаңғы тобы

Тәрбиешілері: Набиева Айжамал

Амантайқызы Фариза

2023-2024 ж

# Кел жаңа жыл!

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме, құрметті апайлар! Жаңа жыл мерекесімен сіздерді шын жүректен құттықтаймын! Сіздерді бүгінгі «Балдырған» ортаңғы тобының «Кел жаңа жыл!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Бірақ жалғыз өзім жаңа жыл мерекесін қалай өткіземін?

- Жалғыз өзіме жаңа жыл қызық емес, балалармен өткізген қызық. Жаңа жыл мерекесін балалармен бірге өткізейік. Ендеше, балаларды ортаға шақырайық( балалар билеп кіреді)

Би: «Жаңа жыл»

Жүргізуші:- Қарандаршы, балалар, мына жер сондай әдемі екен. Олай болса балалар «Кел жаңа жыл» мерекесін тойлайық.

**Жүргізуші:** - Алақай! Алақай! Біз аязатаға хат жаздық Аяз ата бізге көп сыйлық әкеледі.

Жүргізуші:- Олай болса, хатты маған бер, мен оны шыршаға іліп қояйын!

Жүргізуші:
Мың бұралып билеген,
Бишіні кім сүймеген?
Қарандаршы балаларға,
**Павлин би**ін билеген.

**Жүргізуші:** - Балалар, ендеше Аязатаны ортаға шақырып, хатты өз қолымызбен берейік.

- Ендеше барлығымыз бір дауыспен аяз атаны ортаға шақырайық.

Балалар: - Аязата, аязата, ау (2-рет)

Аязата:
Ау,армысындар,халайық?
Өздеріңе оралдым,
Амансың ба, ұл- қыздарым?
Сыйлығым бар менің.
Қандай жарқын жүздерің,
Керемет бір ән тыңдап,
Қандай әсем жырларың.
Келіп тұр-ау демалғым.

**Ақшақар.-** Сәлеметсіндер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!
Сүйсіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы
Жалт - жұлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын

Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнмін, жырмын, тақпақпын.
**Жүргізуші:**- Әсем ән де, биде бар. Отыр Аяз ата сәл демал!
Ендігі кезекті хор «Шырша» әні
Жүргізуші: Ескі жылымызды шақырайық.
Жаңа жылды шақырайық.
**Жүргізуші:** Аяз ата біздің балалардың тақпағы бар.
Жүргізуші: Рахмет балалар! Жарайсыңдар!
**Жүргізуші: Ендігі кезекті жігіттеріміз бен қыздарымыздың «Жаңа жылдық вальс» биин тамашалаңыздар.**
**Рахмет балалар!**
**Жүргізуші:** Балалар мен бір қызық ойын білемін
**Ойын: "Көңілді пішіндер"**
**Шарты: балалар өздері қалаған пішіндердің үстімен жүріп өтіп, пішіндердің бөлігін құрастыру.**
**Ойын: «Шапалақ»**
**Шарты: Балалар жаңа жылға арналған суреттерді шапалақпен ұру арқылы өзіне қарай жинайды.**
Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар керемет ойнадыңдар.
Ендігі кезекті «Аққала » биин тамашалаңыздар.
Ойын: «Жаңа жылдық камзолды сәндеу.»
Шарты: Балалар түрлі түсті доптарды пайдалана отырып сәндейді.
Аяз-Ата: - Жарайсыңдар, балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер. Ал, балаларым,сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар! (*қолын бұлғап шығып кетеді.)*
Балалар: - Сау болыңыз!
Жүргізуші: Бүгінгі «Кел жаңа жыл» ертеңгілігіміз аяқталды қош сау болыңыздар!







# "КЕЛ ЖАҢА ЖЫЛ!"

## №6 "Балдырған" ортаңғы тобы








## №11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
_______С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
_______А.Шуиншалиева

# Кел, Жаңа жыл!

/жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік/

**№8 «Құлагер» ересек тобы**

Тәрбиешілер: Г.Баймаханова
Л.Бердіжарова



2023-2024 оқу жылы

*Әдемі санта киінген балалар әуенмен залға кіріп, шыршаны айнала жүріп, орындарына отырады.*

**Жүргізуші:** Құрметті балалар, қонақтар! Сіздерді жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт береке, ырыс алып келсін! Жаңа жылда үйлеріңіз нұрға, құшақтарыңыз гүлге толсын! Әрқашан той болсын дей отырып, біздің «Кел Жаңа жыл!» ертеңгілігімізді бастаймыз.

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,
Бәрімізге мына жылым арайлы.

**Би: «Кішкентай санталар» биі**

**Хор** «Шыршаға бардық»

**Жүргізуші:** Балалар жаңа жыл мерекесін кіммен тойлаймыз бізге кімдер керек

**Балалар:«Аяз ата мен Ақшақар»** керек

Аяз Ата Ақша қар, Аяз Ата Ақша қар хормен

**Аяз ата: О-хо-хо-хо**

Құрметті қонақтар,сүйкімді бүлдіршіндер
Асу лармен алысқан,
Асау желмен жарысқан.
Аталарын сендерге,
Шаршап келді алыстан.
Амансыңдарма,балалар! Жаңа жыл құтты болсын,қонақтар! Жаңа жыл мол табыс әкелсін!

**Жүргізуші:** Сәлеметсіз бе Аяз ата! Рахмет тілектеріңізге.

Аяз атамызды ортамызға алдық енді Ескі жылымыз Қоянды шығарып салып ,Жаңа жылымыз Ұлуымызды қарсы алайық

**Жаңа жыл Ұлу:**

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаға жылмен құттықтаймын бәріңді
Бақыт шаттық молшылық әкелсін

**Аяз Ата:**Мен сендермен күшті ойнайын деп келдім.Менімен ойын ойнауға дайынсыңдарма?

**«Ойын»** Аяз атамен ойналады

**«Оркестр»** Оркестрде ойнайтын Құлагер тобының жанынан құрылған топ қарсы алыңыздар

**(Әли, Абдусаттар, Нуриман, Әлимұрат, Ақниет, Думан, А йсұлтан, Әлинұр, Мұстафа,Нұрәли)**

**Жүргізуші:** Қошемет қәнекей енді тақпақтарына кезек берейік

1.Тамаша, тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Ақниет

2. Жаңа жыл,жаңа жыл
Жаңа жылға жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр.

Әлимұрат

3.Қыстың күні көңілді
Көп қызықты көреміз
Шығып алып далаға
Сырғанақты тебеміз

Әлинұр

4. Ән саламыз би билеп
Жырдан шашу төгілді
Бүгін біздің жаңа жыл
Қандай қызық көңілді

Айсұлтан

5. Дала нұр қала нұр
Құтты болсын жаңа жыл

Нуриман

6. Кең пейілді мол мейірімді
Сағынышпен табысқан
О алақай аяз ата
Келе жатыр алыстан

Думан

7. Тамаша, тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Жаңа жылда ертегі
Келеме біздің бақшаға

Мұстафа

8. Бүгін біз көңілдіміз
Жаңа жылды қарсы алып
Мерекеге келгендерді
Құттықтаймыз ән салып

Абдусаттар

9. Көрдіңбе Аяз атаны
Аппақ екен сақалы
Аппақ екен мұрты да
Аппақ екен шапаны

Әли

**Жүргізуші:** Жарайсыңдар балалар орындарыңа жайғаса қойыңдар

Аяз Ата ақша қар біздің биші қыздарымыздың биіне кезек берейік

**Би: «Ұлпақарлар»** биі

**(Раяна,Ясмина,Адина,Мәриям,Ж.Айзере,Диана)**

*Балалардың тақпақтары.*

**1**.Жүзімізде күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз

**Раяна**

**2.**Мол сыйлықпен келер ол
Шырқатып ән салар ем
Жылдамырақ келсе екен
Бізге сыйлық берсе екен

**Мәриям**

**3.**Шанамызға мінеміз
Мәз-мейрам болып күлеміз
Жарысамыз бәріміз
Жарасып тұр сәніміз

**Ж.Айзере**

**4.**Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жаңашыр
Ата-әже,әке-ана
Өқтты болсын Жаңа жыл

**Адина**

**5.**Аязды келіп қыс
Алғашқы қар ұшты
Аппақ болып үстіміз
Ақ қырау жабысты

**Диана**

**6.**Даламызға,қаламызға
Жаңа жыл келіп кіреді
Қартыңызға жасыңызға
Жалынды сәлем береді

**Ясмина**

**Би : «Шыршалар биі»**
**(Әмина,Айбибі,Айсүгір,Т.Айзере,Асылым,Нұрай)**
**Жүргізуші:** Тамаша керемет қыздар енді тақпақтарымызды айтып жіберейік

**1.**Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамыз

**Айбибі**

**2.** Бізбен бірге ойнайды
Жаңа жылды тойлайды
Барлық бала бақытты
Болса екен деп ойнайды

**Т.Айзере**

**3.**Ән саламыз,би билеп
Жырдан шашу төгілді
Бүгін біздің Жаңа жыл
Қандай қызық көңілді

**Асылым**

**4.**Даланында қаланың
Думандатып отбасын
Тағы міне Жаңа жыл
Қақты уақыт қақпасын

**Нұрай**

**5.**О, Алақай тамаша
Шыршамыз тұр жараса
Жаңа жылда бәріміз
Ән айтамыз жаңаша

**Айсүгір**

**ӘН: «Аққала»** Сартай Адина қызымыздың орындауында

**Би: «Санталар» биі**
**(Азамат,Нұрәли,Асхат,Наркескенби,Айсұлтан,Әлинұр,Абдусаттар,Ақниет)**

Тақпақтарына кезек береміз

**1.**Сақалы аппақ күмістей
Тістері аппақ күріштей
Нұр жайнаған ажары
Сағындық аяз атаны

**Нұрәли**

**2.**Қорықпаймыз аяздан
Шымшыса да бетімді
Аппақ қарды кешеміз
Киіп алып етікті

**Асхат**

**3.**Бүгін біз көңілдіміз
Жаңа жылды қарсы алып
Мерекеге келгендерді
Құттықтаймыз ән салып

**Азамат**

**4.**Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып

**Наркескенби**

**Өн: «Жаңа жыл» Айсүгір қызымыздың орындауында**
**Өн: «Шырша жыры»**
Орындайтын Әмина
**Өн: Дуэт «Жаңа жыл»** Айсұлтан мен Мәриямның орындауында қабыл алыңыздар
**Ойын: «Тілек айдары»**
**Хор: «Жаңа жыл»**

**Аяз ата:** ой балалар мен сыйлықтарды беруге ұмытып бара жатырмын.
*Аяз ата, Ақшақар балаларға сыйлықтарды таратып береді.*
**Аяз ата:** Міне, Жаңа жыл мерекесін біз аяқтауымыз керек! Барлықтарына үлкен қуаныш, бақыт, зор денсаулық тілеймін! Жаңа жылдарыңызбен!
**Ақшақар:**Енді келесі жылда да біз Аяз атамен бірге сендерге келеміз! Сау болыңыздар!
*Әуен ырғағымен Аяз ата, Ақшақар залдан шығып кетеді.*
**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, балалар, осымен біздің мерекеміз аяқталды! Сіздерді келе жатқан Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл тек бақыт, қуаныш әкелсін! Сау болыңыздар! Келесі кездескенше!

# Кел, жаңа жыл














№8 "Құлагер"
ересек тобы
27.12.2023ж
Тәрбиешілер:
Г.Баймаханова
Л.Бердіжарова



**№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы**

| | |
|---|---|
| Бекітемін:<br>Балабақша меңгерушісі:<br>_______С.Мухашова | Тексерілді:<br>Балабақша әдіскері:<br>_______А.Шуиншалиева |

# Кел, жаңа жыл

/жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік/

№9 «Қарлығаш» ересек тобы

Тәрбиешілер: Г.Сейтова
К.Исаева

27.12.2023 жыл

## «Кел, жаңа жыл»

**Міндеті:** Мерекелік көңіл-күй сыйлау. Әндер, билер арқылы балаларды өнерге талпындыру. Өлендерді мәнермен айтып, ертеңгілікте достық сезімдерін ояту, ән, тақпақ арқылы сөздік қорын дамыту.

**Ресурстар:** Шырша, сайқымазақ, орам қағазы, тәттілер, шығыршықтар, орындықтар, сыбызғы, жылтырақ, санта бас киімі, очки, пучок жылтырағы.

**Барысы:**

***Зал іші жаңа жыл мерекесіне сай безендірілген.***

**Флешмоб би «Жаңа жыл»**

***Музыкамен ортаға Сайқымазақ келеді.***

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Көңілкүйлерің қалай? Мен сендерге көптеген ойындар алып келдім . менімен ойын ойнайсыңдар ма? Балалар мен бұл ойындарды сендермен ойнау үшін алдымен маған би, өлең, тақпақ т.б. өнерлеріңді көргім келеді. Содан соң барып мен сендермен ойын ойнаймын.

**Би: «Аспапта ойнайтын Санталар»**

**Билейтіндер:** Альфира, Батыр, Айдын, Жансұлу, Муслим, Жұпар-Ай, Айзере, Бектас, Қуаныш, Нұрсезім.

**Тақпақтар:**

**Альфина:**

Әлде қарлы боранда
Тау басынан түсті ме?
Аят ата оралды,
Ақ тон киіп үстіне
Ақ қырауға малынған
Сақалы да, мұрты да.
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына.

**Айдын**

Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген
Қандай жақсы шыршамыз,
Шырша тойын бастаймыз.

**Жансұлу**

Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жанашыр
Ата - әже, әке - ана.
Құтты болсын Жаңа жыл
Жылдың әнін бастайын,
Аяз- Ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

**Муслим**

Жасыл желек жамылған.
Асыл моншақ тағынған.
Міне,сұлу шыршамыз.
Көптен күтіп сағынған

**Жұпар-Ай**

Қонақтайды бақтарға
Ақ көбелек, ақ мамық.
Аунап таза ақ қарға
Балалар жүр мақтанып.

**Айзере**
Ән айтамыз, би билейміз,
Біз көңілді баламыз.
Шаршауды біз білмейміз,
Тақпақ айтып, би билеп.
Аяз Атадан сыйлық аламыз
Жаңа жылда бақшамыз,
Гүлдей болып жайнасын.
Аман болсын барлық бала,
Шат - шадыман ойнасын.
**Бектас**
Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле, төрле жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.
**Қуаныш**
Өлеңде, әзір ән де әзір.
Ойында әзір, бәрі әзір
Кел жаңа жыл біздерге
Кел жаңа жыл, жаңа жыл.
**Нұрсезім**
Келді міне жаңа жыл,
Қарсы алайық баршамыз.
Күліп ойнап би билеп,
Ән салайық бәріміз.
Келіңдер, келіңдер.
Тақпақ айтып беріңдер.
Жомарт аяз атадан,
Сыйлық алып көріңдер.
**Сайқымазақ:** ой жарайсыңдар балалар. Олай болса мен сендермен ойын ойнауға дайынмын.
**«Кім мерген?» ойыны**
**Шарты:** Ортаға 8 бала шығып, екі топқа бөлінеді. Ұзын стол бетінде үрлеу арқылы теннис доптарын жинайды. Қай топ түсірмей көп жинаса сол топ жеңіске жетеді.
**Сайықымазақ:** Ал ендеше балалар сендерді жеңістеріңмен құттықтаймын. Енді ойынға келесі 6 баланы шақырайын.
**«Орындықтар» ойыны**
**Шарты:** Ойынға 6 бала шығады. Шеңбер бойына 5 орындық қойылады. Балалар көңілді әуенмен орындықтар жанында билеп жүреді. Әуен тоқтаған кезде балалар жылдам орындықтарға отырып қалуы керек. Қай бала отыра алмай қалса сол бала ойыннан шығады. Әрі қарай ойын жалғасады.
**Сайқымазақ:** Балалар біз қандай мерекені тойлап жатырмыз. Біздің ортамызға кімдер жетіспей тұр. Қане табайықшы?
**Балалар: Аяз ата, Ақшақар**
*Олай болса барлығымыз хормен шақырайық.*
***Көңілді әуенмен Аяз ата, Ақшақар, Қоян, Жаңа жылымыз Ұлу кіреді./ Өз сөздерін айтады/.***
**Би: «Ақ ұлпақарлар» биі**
**Билейтіндер:** Аружан, Айша, Айлина, Аяла, Рабия, Шұғыла, Асылым
**Тақпақтар:**
**Аружан:**
Жасыл шырша орманнан,

Бізге арнайы келіпті
Ойыншықтарын балалар,
Шыршамызға әсем іліпті.
Әсем шырша сәнденген,
Өз аңдарын күтеді.
Жаңа жылмен бірге біз,
Орманға кеп жетеді.
**Айша:**
жүзімізде күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.
**Айлина:**
Келді тағы жаңа жыл,
Қуантаумен біздерді
Құтты болсын қуаныш
Құттықтаймыз сіздерді.
**Аяла:**
Келді, келді жаңа жыл,
Қуана қарсы аламыз.
Қол соғады жала қар
Билейміз, ән саламыз.
Аппақ тоңға оранып
Базарлықты мол алып,
Келді алыс сапардан
Аяз ата оралып.
**Рабия:**
**О**, **алақай**, **Аяз** ата,
**Келе жатыр алыстан**!
**Кел** билейік, үйренейік,
Ол келгенше жаңа жыр.
Құтты болсын, құтты болсын,
Құтты болсын жаңа жыл!
**Шұғыла:**
Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.
**Асылым:**
Тауда туып, тауда өскен.
Шырша келді ортаға.
Қонақтарды құттықтауға,
Жиналамыз шыршаға.
**Сайқымазақ:** Жарайсыңдар ұлпа қар қыздарым. Ендігі кезекте мен сендермен тағы да әкелген ойынымды ойнап жіберейін.
**«Нәзік қағаз» ойыны**
**Шарты:** Ортаға 8 бала шығады. Екі жаққа 4 баладан бөлініп, ойнайды. Нәзік қағаздың шетіне стаканға су құйып басып тартады. Кез келген жерден үзіліп қалса сол жердегі сыйлықты бала алады.
**Сайқымазақ:** Балалар, келесі ойнау үшін мен сендердің келесі өнерлеріңді тамашалағым келеді.

**Би: «Көңілді санталар»**
**Билейтіндер:** Алинұр, Нұрислам, Санжар, Төре, Бексұлтан, Ілияс, Сұлтанбек.
**Тақпақтар:**
**Алинұр:**
Жаңа жылды қарсы алдың,
Мініп алып күймеге.
Менде бүгін ән салдым,
Араластым биге де.
**Нұрислам:**
Жаңадан тақпақ,
Аламыз жаттап.
Жаңа жыл келді
Жаңа жыл жақсы ақ.
**Санжар:**
Оралды өлкеме
Жаңа жыл армысың.
Оранды ақ көрпеге
Асқар тау, қарлы шың.
**Бексұлтан:**
Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.
**Сұлтанбек:**
Жаңа жыл, жаңа жыл,
Жаңа жылда жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр.
**Сайқымазақ:** Жарайсыңдар балалар. Мен сендердің өнерлерің көп екенін білдім. Рахмет сендерге. Ал ендеше менің сендерге алып келген соңғы ойынымды ойнауға қалай қарайсыңдар.
**«Шығыршық» ойыны**
**Шарты:** Ортада 3-4 шығыршықтар жатады. Балалар Сайқымазақпен бірге көңілді әуенмен шығыршықты баспай секіріп шығуы керек.
**Сайқымазақ:** Жарайсыңдар балалар. Менің ойындарым сендерге ұнады ма?
- Олай болса, мен сендердің кереметтей өнерлеріңді тамашаласам деймін.

**ХОР: «Жаңа жыл»**

**ӘН: «______________» Орындайтын: Нұрланқызы Айзере**
**Қорытынды:**

**Айзере:** Құрметті Сайқымазақ, кешке келген қонақтар бүгінгі біздің «Кел, жаңа жыл» атты «Қарлығаш» тобының Жаңа жылдық ертеңгілігі осымен аяқталды. Келесі кездескенше сау болыңыздар! Жаңа жыл құтты болсын!
*Балаларға арналған сыйлықтар табысталады.*

# Кел, жаңа жыл





























№9 "Қарлығаш"
ересек тобы
27.12.2023ж
Тәрбиешілер:
Г.Сейтова
К.Исаева

«Балапан» бөбекжай –балабақшасы

«Бекітемін»
Балабақша меңгерушісі:
_____С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
_____А.Шуиншалиева

# «Кел жаңа жыл»

**ЕРКЕТАЙ: «ОРТАҢҒЫ ТОП»**
**ТӘРБИЕШІ:ЖАНДАУЛЕТОВА АСЕЛ**
**АЛДАШҚЫЗЫ РАЙХАН**

**2023ЖЫЛ**

# Кел жаңа жыл!

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме, құрметті апайлар! Жаңа жыл мерекесімен сіздерді шын жүректен құттықтаймын! Сіздерді бүгінгі «Еркетай» ортаңғы тобының «Кел жаңа жыл!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Бірақ жалғыз өзім жаңа жыл мерекесін қалай өткіземін?

- Жалғыз өзіме жаңа жыл қызық емес, балалармен өткізген қызық. Жаңа жыл мерекесін балалармен бірге өткізейік. Ендеше, балаларды ортаға шақырайық( балалар билеп кіреді)

Би: «Кішкентай аяз аталар»

Жүргізуші:- Қарандаршы, балалар, мына жер сондай әдемі екен. Олай болса балалар «Кел жаңа жыл» мерекесін тойлайық.

**Жүргізуші: - -** Ендеше барлығымыз бір дауыспен аяз атаны ортаға шақырайық.

Балалар: - Аязата, аязата, ау (2-рет)

Аязата:

Ау,армысыңдар,халайық?<br>
Өздеріңе оралдым,<br>
Амансың ба, ұл- қыздарым?<br>
Сыйлығым бар менің.<br>
Қандай жарқын жүздерің,<br>
Керемет бір ән тыңдап,<br>
Қандай әсем жырларың.<br>
Келіп тұр-ау демалғым.

**Ақшақар.-** Сәлеметсіңдер ме, балалар. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды<br>
Ақшақармын арайлы<br>
Жалт - жұлт еткен жүзімнен<br>
Күміс сәуле тарайды.<br>
Ақшақармын аппақпын<br>
Қалай тыныш жатпақпын<br>
Менсіз қыстың сәні жоқ<br>
Әнмін, жырмын, тақпақпын.

**Жүргізуші:-** Әсем ән де, биде бар. Отыр Аяз ата сәл демал!

Ендігі кезекті хор «Шырша» әні

Жүргізуші: Ескі жылымызды шақырайық.

Жаңа жылды шақырайық.

**Жүргізуші:** Аяз ата біздің балалардың тақпағы бар.

Жүргізуші: Рахмет балалар! Жарайсыңдар!

**Жүргізуші: Ендігі кезекті жігіттеріміз «Ұлпа қарлар» биін тамашалаңыздар.**

**Рахмет балалар!**
**Жүргізуші:** Балалар мен бір қызық ойын білемін
**Ойын: "Қар кесектерін жинау"**
**Шарты:Кедергі арқылы қарларды домалату .**
Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар керемет ойнадыңдар.
Ендігі кезекті Еркетай тобының қыздарының« Жаңа жыл » биін тамашалаңыздар.
Аяз-Ата: - Жарайсыңдар, балаларым! Мені бүгін бір куантып, алыс жерден шаршап келгенде көңілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де өнерлі екенсіңдер. Ал, балаларым,сендер өсе беріңдер, өркендей беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош болыңдар! (*қолын бұлғап шығып кетеді.)*
Балалар: - Сау болыңыз!
Жүргізуші: Бүгінгі «Кел жаңа жыл» ертеңгілігіміз аяқталды қош сау болыңыздар!

№11 «Балапан» бөбекжай – балабақшасы

# Кел, жаңа жыл, жаңа жыл!

(ертеңгілік)

Тобы: «Құлыншақ» МАД тобы

Тәрбиешілер: К.Алмат

К.Кунишова

2023- 2024 оқу жылы

## Кел, жаңа жыл, жаңа жыл!

**Адият:** Ассалаумағалейкум, қазақ елі. Ескі жылдың соңғы сағаттары саналып жатыр, ал біз сіздермен жап – жаңа жылды қарсы алуға келдік.

**Аяулым:** Армысыздар, «Балапан» арнасының сүйікті көрермендері. Бүгін сіздер жұлдызды балалардың өнерлеріне куә боласыздар.

**Ай – Ару:** «Балапан» арнасында керемет көңіл – күй кемесінде бізбен бірге болыңыздар. Келе жатқан жаңа жыл

**Бірге:** Құтты болсын!

**Адият:** Олай болса, біз бастаймыз. «Жап – жаңа жыл» жобасында талайларды үнімен тамсандырған қыздарымыз Айшабибі, Танакөз бен Данеля

**Аяулым:** және Ақжан мен Алуа

**Ай – Ару:** Сәлем, қыздар. Қалайсыңдар? Жаңа жыл мерекесіне дайынсыңдар ма? Тамаша, ән шырқаймыз ба? Олай болса, кезек өздерінде.

**Жеке ән: «Қыс қызығы»** Айшабибі, Танакөз, Данеля, Ақжан, Алуа

1. Тамаша аққала
   Көңілді көп бала
   Сырғанақ, қар ойнап
   Жүзінен нұр ойнап.
   
   Аппақ қар айнала
   Жауып тұр жәй ғана
   Қыс келді алақай
   Қуан сен, балақай!
2. Әкелген мамасы
   Сүйретіп шанасын.
   Бет – жүзі алмадай
   Бақытты балақай.

**Адият:** Тамаша қыздар, рахмет. Аяулым керемет әннен соң ғажап би тамашаласақ қалай қарайсың?

**Аяулым:** Әрине, олай болса биге кезек берейік.

**Би: «Ковбой»** Нұрмұхамед, Мырзатай, Әли, Мағжан, Амир, Бексұлтан, Тарғын, Қалдош

**Ару:** Сәлем, достар! Мен әртүрлі ойындар ғылымының докторы Арумын. Сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Менімен ойнайсыңдар ма? Жарайды, тамаша. Ойынның аты «Не екенін тап» деп аталады. Ойынға ортаға бір бала шығады, мен оның артына суреттер жасырамын, қалған балалар жұмбақтап айтуы керек, ал ортадағы бала оның не екенін табуы керек.

**Адият:** Қыздар, бізді жаңа жылмен құттықтап жұлдызды қонақтар келді. Кім екенін тауып көріңдерші

**Аяулым:** Ыммм, олар танымал жұлдыздар ма?

**Адият:** Әрине, олардың айтқан әндері хит болады, түсірген клиптері бірден миллион қаралым жинайды.

**Ай – Ару:** Аааа, таптым. Ерке Есмахан мен Серік Ибрагимов шығар?

**Адият:** Дұрыс айтасың. Сахна төрінде Ерке Есмахан мен Серік Ибрагимов.

**Аяулым:** Жобамызға қош келдіңдер. Ал мерекеге дайынсыңдар ма? Биылға қандай жаңалықтарың бар?

**Айзере:** мен жаңа әндер жазу үстіндемін, алдағы уақытта өздеріңізге ұсынатын боламын.

**Әли:** Мен бір тамаша клип түсіріп, Еркеден асып түсемін ба деп ойлап қоям.

**Ай – Ару:** Жарайсыңдар, олай болса біз сіздерден ән сұраймыз. Сахна төрінде Серік Ибрагимов және Ерке Есмахан

**Жеке ән: «Қайда?»**

**Айзере:** Аяз Ата бар ма,

Әлде жалған сөз ба?

Бар болса қайда, келмейді ма?

Шаршап қалмады ма

Құлап қалмады ма

Біз іздемесек табыла ма?

Ол жоқ қой, жоқ қой, таба алмадық оны

Ол жоқ қой, жоқ қой іздемейді бізді

Ол жоқ қой, жоқ қой бар болса келмей ме

Аяз Ата жүрсің қайда?

Солтүстікте жоқ, жоқ

Орманда да жоқ, жоқ

Сізді іздедік, үмітті үзбедік.

Далада да жоқ, жоқ

Ал мұнда да жоқ, жоқ

Сізді іздедік, үмітті үзбедік.

**Әли:** Бұғы менен шана

Ойыншықтар шырша,

Аяз Ата келеді, әні қара.

Мейлі кешіксе де,

Сыйлық көп әкелсе

Бізге керегі де сол емес пе?

Ол бар ғой, бар ғой, таба алмай жүр бізді,

Ол бар ғой, бар ғой, іздеп жүр ғой бізді

Ол бар ғой, бар ғой, күтейік достарым

Аяз ата жүрсің қайда?

Жауып тұр ғой қар, қар,

Аяз Ата бар, бар.

Келеді қазір қарандар.

Күтейік балалар,

Аяз Ата бар, бар

Келеді қазір қарандар.

**Адият:** Ай – Ару Ерке аяз ата жоқ дейді, Серік бар дейді. Расыменде Аяз ата қайда, неге келмей жатыр?

**Ай – Ару:** Өйткені біз Аяз атаны шақыруымыз керек қой. Достар, Аяз атаны шақырамыз ба?

**Бірге:** Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата.

***Аяз ата келеді***

**Ай – Ару:** Аяз ата «Жап – жаңа жыл» бағдарламасына қош келдіңіз. Бүгінгі эфирде жұлдызды балалар өнер көрсететін болады. Бізбен бірге болып, балалардың өнерін тамашалауға қалай қарайсыз?

**Шырша шамын жағып, ескі жылды шақыру, жаңа жылмен қауышу.**

**Жігіттер ансамблы (Барлық жігіттер)**

**Тақпақтар**

**Айшабибі:** Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін
Бәрімізге мына жылым арайлы!

**Танакөз:** Жаңа жылға арналады жаңа жыр,
Жаңа жылда шырқалады бар өмір.
Бақыт болып жаңа жылым келді ғой,
Құтты болсын, құтты болсын жаңа жыл.

**Ақжан:** Бірге соғып бар әлемнің сағаттары
Он екіні күтер қалмай тағаттары
Ғасырдың он сегізінші жылы келді
Құстай ұшып, қырау шалған қанаттары.

**Даneля:** Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле, төрле жаңа жыл
Бізге құтты жыл болсын.

**Мағжан:** Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жанашыр.
Ата – әже, ана – әке
Құтты болсын жаңа жыл.

**Рамазан:** Жаңа жыл келгенде

Қуанып қарсы аламыз

Аяз ата келгенде

Билейміз, ән саламыз

**Еңлік:** Бірге соғып бар әлемнің сағаттары

Он екіні күтер қалмай тағаттары.

Ғасырдың жиырма төртінші жылы келді

Құстай ұшып, қырау шалған қанаттары.

**Раяна:** Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

**Аяулым:** Достар, Аяз атаға арнап бірге ән шырқайық.

**Хор: «Новый год»**

1. Замела метелица город мой,

   По дорогам стелятся пеленой.

   Нравятся морозы ей еще как

   И румянец  розовый на щеках

   От зимы не спрятаться, не сбежать

   Значит будем елочку наряжать

   Апельсины, яблоки, ананас

   Спрячем потихонечку про запас

   Новый год, новый год, елка, шарики, хлопушки

   Новый год, новый год, дискотека, серпантин

   Новый год, новый год, всем подарки под подушкой

   Отпускать Новый год никуда мы не хотим.

2. Бал –балалық, қиял – ғажап, көп арман.

   Барлық бала армандауға жаралған.

   Жаңа жылда сыйлық алып Атадан,

Күлімдейді, әндетіп бар балапан.

Жаңа жыл, жаңа жыл, шырша, шарик пен хлопушка

Жаңа жыл, жаңа жыл, дискотека, серпантин.

Жаңа жыл, жаңа жыл, бізге сыйлық әкеледі

Жаңа жылда қуанып

Шаттанамыз бәріміз

**Аяулым:** Достар, қыс мезгілінің сәні аппақ қар ғой, олай болса, «Аппақ қар» биін тамашалайық

**Би: «Аппақ қар»** Алуа, Еңлік, Ай – Ару, Ару, Раяна, Аяулым

**Адият:** Ал келесі боп сахнада жас дарындар ән салады. Қарсы алыңыздар.

**Жеке ән: «Шыршаға бардық»** Бексұлтан, Нұрмұхамед, Тарғын, Амир, Шайхислам

1. Жаңадан тақпақ
   Аламыз жатап
   Жаңа жыл келді
   Жаңа жыл аппақ
      Шыршаға бардық
      Әсем ән салдық
      Аяз атадан
      Сыйлықтар алдық
2. Қуантып елді
   Жаңа жыл келді
   Өсетін болдық
   Бір жасқа енді

**Тақпақтар**

**Керейхан:** Тілеймін мен бар әлемге

Дос көп болсын жанашыр.

Ата – әже, ана – әке

Құтты болсын жаңа жыл

**Дәулет:** Безендіріп шыршаны

Жыл қуантты баршаны.

Той маскарад басталды

Аяз оны басқарды

**Нарұл:** Аппақ тонға оранып,

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып

**Ибраһим:** Қалып едік сағынып,

Күтіп алдық жабылып.

Жолын қойдық жарық қып

Шыршаларға шам іліп.

**Мырзатай:** Аяз ата ойды қырды,

Аралап жүр түгел шолып

Қарсы алғалы жаңа жылды

Олда көптің бірі болып.

Қайда қызық болса думан

Аяз ата сонда болды

Күндіз үйде ойнап бізбен

Балалармен бірге болды.

**Айсұлтан:** Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрле, төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын.

**Айзере:** Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті – басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап, келіп қалды.

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,

Кәрі құдаң – қыс келіп мазанды алды.

Ұшпадай бөркін киген оқшырайтын,

Аязбенен қызарып ажарланды.

**Би: Қыздар**

**Адият:** Жаңа жыл жаңа бастамалардың жылы

**Аяулым:** Жаңа жыл жақсы жаңалықтардың жылы

**Адият:** Жаңа – жаңа жылда армандар орындалып, әр шаңырақта той болсын

**Ай – Ару:** Келе жатқан жаңа жылдарыңыз құтты болсын. Біз сіздермен қоштаспаймыз, келесіде кездескенше

**Бірге:** Сау болыңыздар!

Балаларға сыйлықтар таратылады.




КЕЛ,
ЖАҢА ЖЫЛ!











# Кел жаңа жыл!









«Еркетай» ортаңғы тобы

Тәрбиешісі: Алдашқызы Р    Жандаулетова А

# Кел, жана жыл!











"Ертөстік" ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: А.Ешмахан Л.Жуман

